

Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 8С 14/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 8719-03 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар ауданында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабы 4-тармағының екінші абзацында белгіленген мөлшерлеме мөлшері 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Атбасар аудандық мәслихатының төрағасы

Н.Рахимов